

Тыл еңбеккері 90 жаста

Өңіріміздің дамуы жолында зор еңбегімен танылған азамат, бүгінде тоқсан жастың төріне шығып отырған қария Төлеухан Әбжамалұлын қала әкімі құттықтап, құрмет көрсетті.

Қала әкімі Әмірхан АСАНОВ туған күн иесін шаңырағына арнайы барып құттықтап, ел игілігі үшін жасаған мол еңбегі үшін алғысын айтып, ақ тілегін жеткізе отырып, иығына шапан жапты. Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлы да құттықтау хатын табыс етіп, ықыласын білдірді.

Төлеухан Әбжамалұлы Орал қаласынан Педагогикалық институтты бітірген. Содан бергі зейнеткерлікке дейінгі 40 жылдан астам уақыт ғұмырын партия қызметіне арнады. Ауылдық кәсіподақ төрағасы, бірнеше кеңшарда партия хатшысы, атқару комитеттің төрағасы, аудандық, облыстық партия пленумының



делегаты, кейіннен ауыл әкімі болып қызмет еткен. Барлық еңбек жолы өзі туып – өскен Жангелдин ауданы аумағында өтті. Бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере – шөбере сүй-

іп отырған бақытты жан. Аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі алғыс хат, құрмет грамоталарының иегері. Арқалық қалалық ардагерлер ұйымының төралқа мүшесі.